



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Ф 017-2.84-2017

№1 баспа

Түсу емтиханының бағдарламасы

25.05.2017ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**



БЕКІТІЛДІ

Т.Қ.Жүргенов атындағы

ҚазҰӨА Ғылыми Кеңесінің

шешімі «26» мамыр 2022 ж.

№11 хаттама

**7M02190-ДИЗАЙН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ
ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2022

1 ҚҰРАСТЫРЫЛДЫ

Т.Жүргенов ат. ҚҰӨА аға оқытушысы, PhD докторы – Наурызбаева А. С.

2 ТАЛҚЫЛАНДЫ


«Дизайн» кафедрасының отырысы

Хаттама № 10 « 10 » 05 2022 ж.


«Дизайн» кафедрасының менгерушісі

PhD докторы, аға оқытушы А. С. Наурызбаева 

3 КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік қызмет басшысы  Г. Ж. Есенбекова
« 15 » 05 2022 ж.

ЖОО кейінгі білім беру ғылыми-зерттеу
орталығының басшысы  А.А.Кульшанова
« 15 » 05 2022 ж.

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор  Қ.З.Халықов
« 15 » 05 2022 ж.

Магистратураның арнайы пәні бойынша түсу емтиханының бағдарламасы жоғары білімнің алдыңғы сатысының (бакалавриат) бағдарламасы көлемінде құрылған.

7M02190 «ДИЗАЙН» магистратура мамандығы бойынша мамандарды даярлау деңгейіне қойылатын негізгі талаптар.

I Магистратураға түсетін талапкердің түсінігі болуы керек:

Магистратураға түсуші іргелі кәсіби дайындыққа ие болуы, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруі, қазіргі заманғы практикалық мәселелерді тұжырымдай және шеше білуі тиіс.

Білуі тиіс:

- дизайн саласындағы заманауи үрдістерді;
- дизайн дамуының негізгі кезеңдерін;
- компьютерлік графика бағдарламасын жетік және кәсіби деңгейде білуі;
- негізгі стильдердің сипаттамаларын;
- стиль жасау принциптерін;
- дизайн саласындағы негізгі эзирлемелердің авторларын;
- жобалау ісінің үдерістерін (жобалау кезеңдерін);

қолынан келуі:

- тарих және дизайн теориясы бойынша арнайы әдебиеттерді қолдану;
- стиль құрауыштарын анықтау және олармен жұмыс істеу;
- дизайн нысандарын қалыптастыру кезеңдері мен оларға тән тәсілдерін анықтау;

дағдысы болуы тиіс:

- стиль жасау әдістерін пайдалана отырып дизайн нысандарын жобалау;
- заттық-кеңістіктік ортаны шешудің амалдары мен тәсілдерін талдау;
- белгілі бір қасиеттері бар дизайн нысандарын өз бетінше жобалау;
- дизайндағы композиция талаптарын шығармашылық деңгейде шешу;
- шығармашылық міндеттерді креативтік шешу;
- кәсіби шеберлікті және кең ой-өріс меңгеру.

құзыретті болу тиіс:

- жобалау ісінде;
- ұсынылатын позицияны (гипотезаларды) тұжырымдағанда;
- дизайн ортасының қазіргі жағдайын талдауда;
- авторлық позицияны қорғауда.

Қабылдау емтиханы магистратура мамандықтары 7M02190 "Дизайн" мамандандыруы бойынша қабылдау емтихандарын өткізу туралы Ережеге сәйкес ауызша түрде өткізіледі.

Пәннің атауы мен оның негізгі бөлімдері

1. «Материалдық мәдениет пен дизайн тарихы» пәні

«Материалдық мәдениет пен дизайн тарихы» – пәннің мәні материалдық мәдениет пен дизайнның тарихи даму мәселелерін теориялық түйсіну болып табылады. Болашақ магистрант адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің даму тарихын, оның өсу және құлдырау кезеңдерін, адам өмірінің өзараәсерлі және өзара байланысты аспектілерін, болашақ дизайн нысандарының қалыптасуына белсенді әсер еткен көркем, эстетикалық, семиотикалық және технологиялық параметрлерді білуі тиіс, материалдық мәдениет объектілерінің қазіргі дизайн нысандарына қайта құрылу кезеңдерін білуі тиіс, дизайнердің қызметін және жалпы жобалау ісін түсінуі тиіс.

«Материалдық мәдениет пен дизайн тарихы» пәні бойынша емтихан сұрақтары

1. Дизайн және оның қазіргі қоғамдағы рөлі. Заманауи дизайн түрлері мен бағыттары.
2. XX ғасырдың стильдік бағытының құрылымдық, көркемдік және эстетикалық қасиеттерін сипаттау.
3. «Дизайн» терминінің мағыналық мәніне және оның ықтимал қолданылу аясына анықтама беру.
4. XX ғасырдағы дизайнның дамуы. Қазіргі заманғы өнер және дизайн.
5. «Мәдениет» ұғымын сипаттау. Оның түрлерін, көріну нысандарын және өзара әсерлесуін және т. б. сипаттау.
6. Ренессанс дәуірінің материалдық мәдени объектілеріне талдау жасау.
7. Қайта өрлеу дәуірінің негізгі сипаттамаларын анықтау.
8. «Постмодернизм» кезеңі туралы айтып беру. Оның негізгі қасиеттері мен көріну тәсілдерін атау.
9. Ежелгі әлемдік мемлекеттердің заттық-кеңістіктік ортасын сипаттау (Ежелгі Египет және Месопотамия).
10. Орта Азия мен Қазақстанның орта ғасырлардағы сәулет ескерткіштері. Ислам архитектурасының негізгі элементтері және безендіру тәсілдері (Самарқанд, Түркістан, Отырар, Ташкент, Бұхара қалалары).
11. Дизайн ерекшелігін анықтау. Оның негізгі түсініктері мен анықтамаларын атау.
12. Конструктивизм стиліндегі сәулет нысандарының көркемдік-конструктивтік ерекшелігін анықтау (1920-1930 жж.).
13. Материалдар мен конструкциялардың өнеркәсіптік дизайндағы пішінтүзуге және технологиялық процеске әсері туралы айтып беру.
14. Пішінтүзудің негізін және стильдің сипаттамасын ашу.
15. «Рококо» стилінің көркемдік-сәндік ерекшелігін талдау.
16. Ең ерте баспа өнімдеріне (Гутенберг баспа машинасы) талдау беру.
17. Жобалау қызметінің басқа түрлері арасында графикалық дизайнның ерекшелігін сипаттау.

18. Өнеркәсіптік және графикалық дизайндағы (аэродинамикалық стиль) сырғыма пішіндер стилі туралы айтып беру.
19. Термин пайда болған сәттен бастап қазіргі заманғы интерпретацияға дейін «дизайн» терминінің мағынасының өзгеруін талдау.
20. Заттың белгілік және функционалдық қасиеттері анықталатын дизайн кеңістігіне анықтама беру.
21. Дизайндың жобалау ісі құрылатын графикалық элементтерді атау. Мысалдар келтіру.
22. Hi-tech стиліне тән ерекшеліктерді сипаттау. Мысалдар келтіру.
23. Қазақ халқының рәміздері мен ұлттық дәстүрлері туралы айтып беру.
24. XX ғасырдың басында заманауи дизайнның негізін қалаушыларды атау. Олардың жұмыстарының, жетістіктерінің және т. б. мысалдарын келтіру.
25. Көшпенді қазақтардың тұрғын үй-жайларының ішкі бұйымдарына сипаттама беру.
26. Жобаланатын дизайн объектілерімен техникалық-технологиялық прогрестің өзара байланысын анықтау.
27. Жарнамалық нысандардың тұжырымдамалық негізін анықтау.
28. Қазақстандағы қазіргі дизайнның дамуына қарсы тұрған проблемаларды сипаттаңыз.
29. Өмір сүру процестерін қалыптастыруда дизайнның мәнін ашу.
30. Дизайнерлік ойламның «идеядан затқа дейінгі» жобалық процесін сипаттау.
31. Ұлттық мәдениеттің заманауи дизайн-жобалау объектілеріне әсерін талдау.
32. Дизайнерлік шығармашылықтағы мифологиялық ойламның өзектілігі мен заманауи интерпретациясын сипаттау.
33. Қазіргі жобалық-дизайнерлік үдерістегі негізгі үрдістерге (тенденцияларға) талдау беру (дефункционалдылық, абстрактылық, сәндік).
34. Әр түрлі тарихи кезеңдерде дизайн объектілеріне техникалық-технологиялық процестің әсер ету деңгейін анықтау.
35. Дизайн нысандарының функционалдық, эстетикалық, практикалық және сәндік қасиеттерін сипаттау (сәулеттік, өнеркәсіптік және графикалық дизайн объектілері).
36. Қазіргі өмір жағдайларының дизайн нысандарының сыртқы параметрлерін қалыптастыруға әсерін анықтау.
37. Адамның өмірі мен қызметінің қазіргі жағдайын қалыптастырудағы дизайнның рөлін анықтау.
38. «Дизайн-концепция» түсінігін талдау (қалыптастыру амалдары, адресаттар, қорытынды нәтиже және т. б.).
39. Қазіргі қоғамдағы жарнамалық қызметтің ерекшелігін анықтау (мысалдар келтіріңіз).
40. «Оп-арт» стилінің көркемдік-эстетикалық ерекшелігін анықтау.
41. Әртүрлі бұқаралық ақпарат салаларында графикалық дизайн нысандарын пайдалану мысалдарын келтіру.

42. Дизайн нысандарының қосымша қасиеттері, олардың ерекшеліктері (түсі, құрылымы, материалы, технологиясы және т. б.) туралы айтып беру.
43. Дизайн тұрғысынан коммуникацияның түрлері мен нысандарын сипаттау (әр түрлі тарихи кезеңдерде).
44. Қазіргі қоғамның материалдық мәдениетін талдау (орта заттары, формалары, конструкциялары, эстетикалық артықшылық, сән, адам өміріндегі рөлі және т.б.).
45. Дизайндағы заманауи үрдісті анықтау (интерьер, жиһаз, аксессуарлар, көрнекі элементтер, сән, талғам және т. б.).

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Любимов. Искусство древнего мира. М., 1990
2. Д. Кес. Стили мебели. Будапешт, 1991
3. И. М. Коркодейл. Убранство жилого интерьера. М., 1990
4. А. Бахти. Шумеры, казахи, скифы. Алматы, 2002
5. А. Кашбаев. Ағаш ою. Алматы, 1994
6. Т. А. Федоров. Искусство кочевников и Золотой Орды. М., 1978
7. А. У. Маргулан. Казахская юрта. Алматы, 1988
8. Ковешникова Н. А. Дизайн: история и теория. М., 2004
9. Дизайн архитектурной среды. Учебник. М., 2004
10. Безмоздин Л. Н. В мире дизайна. Ташкент, 1990
11. В. Р. Раннев. Интерьер. М., 1987
12. Т. И. Соколова. Художественная мебель. М., 2002
13. С. И. Тюляев. Искусство в Индии. М., 1984
14. Өнердің ықшам тарихы. Антик өнері. Алматы, 1995
15. История русского искусства. М., 1980
16. В. Н. Ткачев. Архитектурный дизайн. М., 2006
17. Михайлов С. М., Кулеева Л. М. Основы дизайна. Учебник. – Казань: Новое знание, 1999

2. «Дизайн нысандарын жобалау» пәні

«Дизайн объектілерін жобалау» дизайн түсінігі, оның әдістері мен тұжырымдамалары, әртүрлі жағдайдағы даму және қызмет ету ерекшеліктері туралы; жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері және интерьер дизайнның оларды қолдану жолдары туралы маңызды пәндердің бірі.

Болашақ магистрант көркем жобалау негіздерін білуі, дизайн объектісін қабылдау психологиясының негіздерін білуі, дизайнның функционалды кешені элементтерінің өзара байланысын түсінуі тиіс. Маман дизайн-жобалаудың нақты міндеттерін шеше білуі керек, ол үшін стильдерді жақсы түсінуі керек. Интерьер дизайны саласындағы кәсіпқойға берілген параметрлер бойынша кез келген дизайн нысандарын талдай білу, дамудың өзекті тенденцияларын анықтау және дизайндағы өзгерістерді болжай білу қажет.

«Дизайн нысандарын жобалау» пәні бойынша емтихан сұрақтары

1. Дизайн саласындағы жобалау ісіне сипаттама беру. Қызметтің басқа түрлерінен ерекшеленетін белгілерін сипаттау.
2. Дизайн-жобалаудың негізгі міндеттерін атау. Мысалдар келтіру.
3. Дизайн нысандарын жобалаудың негізгі және қосалқы кезеңдерін анықтау.
4. Орта композициясының құрылымдық элементтерінің мүмкіндіктерін анықтау: доминанттар, акценттер, фон, композиция осі.
5. «Дизайн-концепция» ұғымын сипаттау. Оның құрамдас бөліктерін атау.
6. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін интерьер кеңістіктерін жобалау ерекшеліктерін атау.
7. «Стайлинг» терминіне анықтама беру. Мысалдар келтіру.
8. Жобалау дизайнында қолданылатын стильдеу әдісі туралы айтып беру.
9. Жоба алдындағы ізденісті талдау. Осы кезеңнің мәнін анықтау.
10. Өнеркәсіптік дизайн заттарындағы сәндік және конструктивтік элементтердің масштабтығын анықтау.
11. Жобалау кезеңдерінің түрлері мен санын анықтау. Олардың рөлі мен маңыздылығын анықтау.
12. «Жұмыс сызбалары» туралы айтып беру. Олардың маңыздылығы мен «негізгілерден» айырмашылығын атау.
13. Тұрғын ортаны және қоғамдық ортаны жобалау арасындағы айырықша шегін атау.
14. Стильді қалыптастыру әдісін сипаттау. Стильдің белгілерін атау.
15. Жиһаз және басқа да интерьер заттарының оларды жобалау кезіндегі эргономикалық параметрлерін ескеру қажеттілігін түсіндіру.

16. Интерьердің жабық кеңістігіндегі түс қарқындылығы мен қанықтығын есепке алудың маңыздылығын көрсету.
17. Фирмалық стильді жобалау кезінде сәндік элементтердің қажеттілік деңгейін анықтау.
18. Әлеуметтік жарнамаға анықтама беру. Оның бағыттарын атау.
19. Интерьер кеңістігін визуалдық өзгерту тәсілдерін атау.
20. Дизайн нысандарында «рационалдылық» түсінігін түсіндіру.
21. Дизайн объектілеріндегі ою-өрнектің көркемдік-мәдени құндылығын анықтау.
22. Дизайн нысандарында (сәулет, өнеркәсіптік, Графикалық дизайн және т.б.) түстің құндылығын байланыстыру.
23. Дизайн нысандарының көпфункционалдылығы туралы айтып беру. Бұл қасиеттің пайда болу жағдайларын түсіндіру.
24. Дизайн нысандарын жобалау кезіндегі сәндік, қолданбалы және бейнелеу өнерінің ролін анықтау.
25. Дизайнды қалыптастыруға қатысатын көркем композицияның құралдарын атау. Мысалдар келтіру.
26. Дизайн нысандарын трансформациялау формалары мен әдістерін сипаттау. Мысалдар келтіру.
27. Техникалық-технологиялық прогрестің дизайнның дамуына әсерін сипаттау.
28. Дизайндағы жарықтың ролін атау. Әр түрлі дизайн бағыттарынан мысалдар келтіру.
29. Қажеттілігі бойынша аспектілердің маңыздылығын анықтау: функционалдылық, сұлулық, ыңғайлылық, беріктік, сәнділік, баға мен пайдасы. Өз таңдауыңызды түсіндіру.
30. Дизайн нысандарын жобалау үшін қолданылатын қазіргі заманғы материалдарды атау (жиһаз бұйымдарын өндіруде, интерьерлік дизайнда, графикалық дизайнда және полиграфияда).

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Адамчик М. В. Дизайн и основы композиции в дизайнерском творчестве и фотографии. - Минск: Харвест, 2010. – 192с.
2. Беляева С. Е. Основы изобразительного искусства и художественного проектирования. Уч. пособ. – М.: Академия, 2007. – 208с., ил.
3. Вильямс Р. Студия дизайна. /Пер с англ. В. Овчинников, В. Тимохин. – М.: Символ-Плюс, 2008. – 280с. – (Библиотека дизайна).
4. Глазычев В. Л. Дизайн как он есть. – М.: Европа, 2011. – 320с.
5. Джейсон Саймонс. Настольная книга дизайнера. Обработка иллюстрации. /Пер. с англ. А. В. Банкрашкова. – М.: АСТ; Астрель, 2008. – 256с.: ил.
6. Джонс Дж. К. Методы проектирования: Пер. с англ. - 2-е изд., доп.- М.: Мир, 1986.
7. Дизайн: иллюстрированный словарь-справочник. /Под ред. Г. Б. Минервина, В. Т. Шимко. – М.: Архитектура-С, 2004. – 288с.: ил.

8. Дизайн: история, современность, перспективы. /Под ред. И. В. Голубятникова. – М.: Мир энциклопедий Аванта+; Астрель, 2011. – 224с.: ил., 64с. цв. ил.
9. Ефимов А. Дизайн архитектурной среды: Учебник для вузов. – М: Архитектура-С, 2006.
10. Заёнчик В. М., Карачёв А. А., Шмелёв В. Е. Основы творческо-конструкторской деятельности: предметная среда и дизайн. Учебник для вузов. – М.: Академия, 2006. – 320с.
11. Ларченко Д. А., Келле-Пелле А. В. Интерьер: дизайн и компьютерное моделирование. – СПб: Питер, 2008. – 478с.: ил.
12. Шимко В. Т. Архитектурно-дизайнерское проектирование: Учебное пособие. – М: Архитектура-С, 2007.
13. Шимко В. Т. Основы дизайна и средового проектирования. Уч. пособ. – М.: Архитектура-С, 2007. – 160с.: ил.
14. Элам К. Геометрия дизайна. Пропорции и композиция. – СПб: Питер, 2011. – 112с.: ил.
15. Игошина Т. С. Социальная реклама как форма социальной коммуникации и объект проектирования //Альманах современной науки и образования. Тамбов: Изд. Грамота, 2008. №4 (11): в 2-х ч. Ч. II. С. 94-97.
16. Лесняк В. Графический дизайн (основы профессии). М.: Изд. IndexMarket, 2011. – 415 с.